

«Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінің директоры А.Алшынбековке

Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің» «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы Е.С.Елікбаевтан

ҰСЫНЫС

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде, төмендегі азаматтар(шалар)дың жеке келісімдері бойынша мектептегі қамқоршылық кеңесіне мүшелікке енулеріне ұсыныс беремін.

1. Әбілдаев Сағдат Қожақұлы _____
2. Дүйсенов Асан Қуанышович _____
3. Мейрбекова Айгуль Жаркынбековна _____
4. Уналбаев Орынбасар Касенович _____
5. Шонгараев Шоқан Уалиханович _____
6. Исатаев Нұрлан Төленұлы _____
7. Дарменбаева Клара Қабылшәріпқызы _____
8. Төлеген Нұрлан Айдәулетұлы _____

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы _____

Орындаған:
Әлеуметтік педагог Ш.Мырзакеева
Тел: 8 7021332108

Түркістан облысы
Созақ ауданы
Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі

БҰЙРЫҚ

«_____» _____ 2024 ж

№ _____

**МЕКТЕПТЕ «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ
КЕҢЕС» ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22-қазандағы №501 бұйрығын орындау, білім мекемесінің оқу-тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуын және материалдық-техникалық базасының жақсаруын қамтамасыз ету және мектептегі тұл жетім, жартылай жетім, көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына көмек және қамқорлық көрсету мақсатында:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептің оқу-тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуын және материалдық-техникалық базасының жақсаруын, білім алушылар мен педагогикалық ұжым үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС» құрылсын;
2. «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ» құрылымы және құрамы бекітілсін;
3. «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ» жұмыс жоспары түзіліп, жоспары бойынша жұмыс жүргізілсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің әлеуметтік педагогы Ш.Мырзакееваға жүктелсін.

Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Түркістан облысы
Созақ ауданы
Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі

БҰЙРЫҚ

«_____» _____ 2024 ж

№ _____

**Мектепте «ҚАМҚОРШЫЛЫҚ
КЕҢЕС» құру және құрамын
қайта бекіту туралы**

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «Созақ ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы хатының негізінде, С. Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебіндегі Қамқоршылық кеңес қызметінің мәртебесін көтеру және оның білім ұйымының жарғылық қызметінен туындайтын мәселелер бойынша қоғамдық бақылау жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Қамқоршылық кеңес қызметінің және қайта сайлау тәртібінің үлгілік ережелері туралы» өзгертілген №715 бұйрығын негізге ала отырып мектепшілік қамқоршылық кеңес құрылсын.
2. Мектепшілік кеңестің атқаратын жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №715 бұйрығы негізінде бекітілген қамқоршылық жұмысын ұйымдастырудың жалпы білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын басшылыққа алсын.
3. Мектепшілік қамқоршылық кеңесі төмендегі құрамда бекітілсін.
 1. Еликбаев Марат Сапарович – Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Таукент филиалы «Уран-Қуат» ЖШС – і ӨТБ басшысы;
 2. Әбілдаев Сағдат Қожақұлы – мүшесі, ДП.Орталық. МАСТЕР;
 3. Дүйсенов Асан Куанышович – мүшесі, КазАтомПром Сауран ГТП - слесарь;
 4. Мейрбекова Айгуль Жаркынбековна – мүшесі, әлеуметтік қызметкер;
 5. Уналбаев Орынбасар Касенович – мүшесі, зейнеткер;
 6. Шонгараев Шоқан Уалиханович - мүшесі, ТОО СП «КАТКО» оператор;

7. Исатаев Нұрлан Төленұлы – мүшесі, Таукент кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің ауылшаруашылық жөніндегі маманы ;
 8. Дарменбаева Клара Қабылшәріпқызы – мүшесі, жеке кәсіпкер;
 9. Төлеген Нұрлан Айдәулетұлы – мүшесі, ОАТБ бөлімше бастығы.
 10. Мырзакеева Шахаризат Өсенбекқызы – хатшы, мектептің әлеуметтік педагогы.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің әлеуметтік педагогы Ш.Мырзакееваға жүктелсін.

Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Бекітемін

Мектеп директоры _____ А.Алшынбеков

« ____ » _____ 2024жыл

Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің жанынан құрылған қамқоршылық және қорғаншылық кеңесінің 2023 – 2024 оқу жылындағы атқаратын жылдық жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс -шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Құқықтық құжаттар базасын жинақтау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
2	Мектептің, сыныптардың әлеуметтік төлқұжатын құру, оқушылар контингентіне талдау жасау, әлеуметтік құрамын анықтау, әлеуметтік көмекті алатын балалардың тізімін жасау.	Қыркүйек Қаңтар	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кеңес құрамы
3	Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексінің тәрбиелеудегі оңды тәжірибені сақтау мақсатындағы жұмыста пайдалану, ата-аналар жиналысына қатысу.	Тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кеңес құрамы
4	ҚР Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі №258 бұйрық талаптарына сай үйде және тегін оқытылатын мүмкіншілігі шектеулі балалардың құжаттандырылуы, әлеуметтік жағдайларын бақылау, үйіне бару	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Кеңес мүшелері
5	Қорғаншылықтағы және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларды жаңа жылдық мерекелік , демеушілік іс-шараларға қатыстыру жұмысын ұйымдастыру.	Қараша Желтоқсан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
6	ҚР-дағы «Баланың құқықтары туралы» Заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық Конвенцияны зерделеу. ҚР-ғы «Баланың құқықтары туралы» Заңы, «Неке және отбасы туралы» Кодексінің 3-бөлімі 10,11,12, тараулары жанұялық өзара қарым-қатынастарының қажеттіліктерін материалдық жағдайларын анықтау, балаларды тәрбиелеуге көмек көрсету мақсатымен қамқоршылар және ата-аналарға кеңес беру жұмысы	Тоқсанына бір рет	Әлеуметтік педагог Кеңес мүшелері
7	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы, балалардың өмір сүру жағдайларын анықтау, кәмелетке толмағандар мен балалар арасында қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу, ерекше назардағы балалармен жұмыс; Тәртібі қиын оқушылар туралы мәлімет жинау қолайсыз, сәтсіз отбасы туралы мәлімет жинау әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау, баланың	Жоспарға сәйкес	Директордың орынбасарлары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер Кеңес мүшелері

	қызығушылығы мен тұрғылықты жері бойынша айналасын зерттеу жасөспірімдерді құқық бұзушылыққа тартатын жағдайға шара қолдану жұмыстары баланың жеке құзығушылығын зерделеу.		
8	Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Менің қызығушылығым» тақырыбында сауалнама жүргізу.	Сәуір	Әлеуметтік педагог Тәлімгер
9	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылармен әңгіме өткізу , қамқоршының есебін алып тұру.	Үнемі	Әлеуметтік педагог
10	Мектептегі әлеуметтік санаттағы балалардың отбасына зерттеу жұмыстарын жүргізу.	Үнемі	Әлеуметтік педагог Кеңес мүшелері
11	Әлеуметтік санаттағы балалардың қала сыртындағы лагерлерге тартылуын қамтамасыз ету.	Қажет болған жағдайда	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер

Орындаған

Әлеуметтік педагог Ш.Мырзакеева

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде құрылған «Қамқоршылық қорғаншылық» кеңесінің 2023 жылы жүргізілген жұмыстары бойынша есебі.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 22 қазан №501 бұйрығының негізінде балалардың құқықтарын қорғау және көмек көрсету, әлеуметтік жетімдіктің, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және еңбегін қанаудың алдын алу және ескерту, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету, балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдай жасауға жәрдемдесу мақсатында «Қамқоршылық қорғаншылық» кеңесі жұмыс жасайды. «Қамқоршылық қорғаншылық» кеңес төрағасы болып 2017 жылдан бері ата-ана, жеке кәсіпкер Б.Райымқұлов сайланған болатын.. Мектепшілік бұйрығы шығарылып, жалпы ата-аналар жиналысында кеңес құрамы бекітіліп, жылдық жоспары жасалды. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім отбасы балаларының тізімдері жасалынып, Таукент кенті әкімшілігімен келісіліп бекітілді. 26 - оқушы жартылай жетім, 32 оқушы толық емес отбасынан шыққан (ата-анасы ажырасқандар), 47 оқушы аз қамтамасыз етілген оқушылар, 33 атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балалары, 251 көп балалы отбасынан шыққан балалар анықталды.

Мектебімізден биылғы жылы қала сыртындағы жазғы демалысты өткізу үшін Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің бөлініс хатына сәйкес жазғы демалыс орнына оқушыларды жіберу туралы бөлініс кестесіне сәйкес, Президент Қ.Тоқаевтың биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялауының Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Машат шатқалындағы Бекзат Саттарханов атындағы сауықтыру орталығына 2022 жылдың шілде, тамыз айларында мектебімізден 43 бала аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім және көп балалы отбасылардың балалары 3 кезең бойынша қала сыртындағы лагерлерде демалып қайтты. Лагерге барған оқушылар қамқоршылық кеңесте талқыланып, анықталып, мектеп директорымен бекітіліп, ауданға сұраныс жіберіліп, жолдамамен барып демалып келді.

Қасиетті Рамазан айында Таукент кентінің тұрғыны жеке кәсіпкер Мырзабеков Ошақбай Қойшыбайұлы әлеуметтік жағдайы төмен 25 оқушының отбасына 435 мың теңге көлемінде оқу құралдарын сыйға тартты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 Бұйрығында көрсетілген ережеге сәйкес, тамыз айында Қамқоршылық кеңестің бұрынғы төрағасы Райымқұлов Бағдат Қадырұлының кенеттен жол апатынан қайтыс болуына байланысты, 4 қыркүйек 2023 жылы Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебіндегі Қамқоршылық кеңестің жиналысы болып, Қамқоршылық кеңесінің жаңа төрағасын сайлау туралы шешім қабылданды.. Жиналыстың мақсаты, мектеп жанынан құрылған ҚК мүшелерін қайта сайлау болатын. Кеңес құрамы 9 кісіден құрылды. Жиналысқа мектеп директоры А.Алшынбеков те қатысты. Жиналыстың қорытындысы бойынша көпшіліктің дауыс беруімен Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Таукент кентінің тұрғыны, ата-ана Елікбаев Марат Сапарович кеңес төрағасы болып сайланды. Кеңестің мүшелігіне мына төменде аталған кісілер кірді.

1. Еликбаев Марат Сапарович – Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ата-ана
2. Әбілдаев Сағдат Қожақұлы – мүшесі, ДП.Орталық. МАСТЕР
3. Дүйсенов Асан Қуанышович – мүшесі, КазАтомПром Сауран ГТП - слесарь
4. Мейрбекова Айгуль Жаркынбековна – мүшесі, әлеуметтік қызметкер
5. Уналбаев Орынбасар Касенович – мүшесі, зейнеткер
6. Дарменбаева Клара Қабылшәріпқызы- мүшесі, Таукент кентінің тұрғыны, кәсіпкер
7. Исатаев Нұрлан Төленұлы – мүшесі, Таукент кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің ауылшаруашылық жөніндегі маманы
8. Шоңғараев Шоқан Уалиханович – мүшесі, ТОО СП «КАТКО» оператор инженерных сети
9. Төлеген Нұрлан Айдәулетұлы – мүшесі, ОАТБ бөлімше бастығы.
10. Мырзакеева Шахаризат Өсенбекқызы – хатшы, мектептің әлеуметтік педагогы.



2023-2024 оқу жылында әлеуметтік картаға 151 оқушы тізімге алынып, отбасы саны 120 - ны құрады. Қазақстан Республикасының ДСМ 25.07.2003 жылғы бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану нысандарына» қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай, мектепте әлеуметтік жағдайы төмен, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан 5-11 сынып аралығында 40 оқушы, сонымен қатар 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Президенттің жарлығымен 1-4 сыныптан 195 бала сынып жетекшілерінің ұсынысымен және де «Қамқоршылық қорғаншылық» кеңес мүшелерімен талқыланып, бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Отбасындағы мүмкіндіктері мен жанұя құрамы мүшелерімен танысып, тоқсан сайын тұрмыстық

жағдайы мен оқушыларға зерттеу актілері жүргізіліп келеді. Баласына қамқорлық жасай алмайтын, бала тәрбиесімен айналыспайтын, яғни әлеуметтік жетім балалар анықталған жоқ. Ең бірінші кезекте мектептегі осы категорияларға жататын оқушыларға жаңа оқу жылында түгелдей кітаптар таратылып берілді.

2023 жылдың тамыз айында Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысып, жалпыға міндетті білім қорынан 2 оқушы, жартылай жетім отбасынан шыққан 4- сынып оқушысы Мейрамбекқызы Аягөз және толық емес отбасыдан шыққан 3 - сынып оқушысы Жанұзаққызы Инжу аудандық білім бөлімінің міндетті білім беру қорынан күздік, қыстық киім-кешектер, мектеп формаларымен және оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілді.

Тамыз айында атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алатын 12 отбасының 33 оқушы мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетілді. Әр бала басына 40567 тг келді. Берілген қаражатқа ата-аналары мектеп формалары мен оқу құрал-жабдықтарын сатып алып, есеп өткізді. Және де, Таукен кентіндегі «Жыныс ата» мешіті аз қамтылған отбасыдан 20 оқушыны мектеп формаларымен және оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етті. Кәсіпкер Е.Джакупов өз тарапынан 10 оқушыға (әр бір балаға) 10 мың тг көлемінде оқу құралдарын, яғни 100000 теңгеге таратты.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында тамыз айы «Мектепке жол» акциясы барысында көмек алған оқушылар туралы сандық мәлімет

№	Қанша бала көмек алды	Қаржылай немесе материалдық	Әр балаға қанша теңгеден	Жалпы соммасы	Көмек берген мекеме, кәсіпкер, жеке тұлғалар
1	10 оқушы	Оқу құрал-жабдықтарымен қамтылды	10,000тг	100,000тг	Жекекәсіпкер Джакупов Ерлан Бидаулетович
2	20 бала	Мектеп формасы, спорттық киімдер және сумка оқу құралдарымен	15,795тг	315,900тг	Таукент кенті «Жыныс ата» мешіті тарапынан.
3	1 бала	Қаржылай көмек алды	10,000тг	10,000тг	Елікбаев Марат Сапарович тарапынан
4	1 бала	Оқу құралдарымен қамтылды	10,000тг	10,000тг	Әбілдаев Сағдат Қожақұлы тарапынан
5	1 бала	Оқу құралдарымен қамтылды	10,000тг	10,000тг	Кәсіпкер Дүйсебеков Самат Сиезбекұлы
6	2 бала	Спорттық киім, сумка	10,000тг	20,000тг	Кітапханашы С.Баймақова
7	33 бала АӘК алатын отбасы балалары	Қаржылай көмек алды	40567тг	тг	Мемлекет тарапынан. Жалпыға міндетті оқу қорынан
8	25 бала	Қыстық етік және қыстық куртка	20,000тг		КАТКО мекемесі тарапынан, Таукент әкімшілігінің ұйымдастыруымен

Қазіргі таңда мектебімізден 1-4 сыныптан 195 бала, 5-11 сыныптардан 40 бала жалпыға міндетті білім қорынан тегін бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Ол оқушылар тамыз айында ата-аналардан келіп түскен өтініш бойынша қаралып, анықталды. Сол келіп түскен өтініштерді қамқоршылық кеңесте талқылап, анықтап 5-11 сыныптан 40

оқушының тізімі кент әкімшілігімен келісіліп, мектеп директорының бекітуімен мақұлданды.

Сонымен қатар, күзде қазан айында өткен мектепішілік жәрмеңкеде 2-8 сыныптар арасындағы түскен қаржыға аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім және көп балалы отбасынан шыққан 32 оқушыға қыстық куртқалар, қыстық етіктер алынып берілді.

Демеушілер есебінен 2 оқушы аз қамтамасыз етілген 5 сынып оқушысы Уәли Қанатқа қыстық куртка, қыстық шалбар, спорттық киім алынып берілді. Толық емес отбасының оқушысы 3А сыныптан Мелден Бексұлтанға спорттық киім және сумка тарту етті және 8 сынып оқушысы жартылай жетім Оңғар Гүлжамилаға қыстық етік алынып берілді.







Сонымен қатар, осындай сыйлықтарымызды алып әлеуметтік педагог Ш.Мырзақеева, педагог-психологтар Ұ.Нысанбаева және С.Таңатова үйден оқитын оқушыларымыз Бүркіт Динара мен Сапар Назекенің үйіне сыйлықтарымызды алып барып қайттық.





2023 жылдың желтоқсан айында Таукент кенті әкімшілігі тарапынан мектебімізден осал топтан шыққан 150 балаға жаңа жылдық сыйлықтар үлестірілетін болды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің» 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 685хатына сәйкес, 2023 жылдың 27 желтоқсан күні Шолақорған ауылындағы Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты аудан әкімінің Жаңа жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды. Жаңа жылдық шырша мерекесіне мектебімізден аз қамтылған отбасыдан 8 бала барып қатыстырылды.







Биылғы оқу жылында Қамқоршылық кеңес мүшелері ұйымдасып мектепке 200000 тг көлемінде қаржылай көмек көрсетіп, ол қаржыға музыкалық аппаратура алынды.